

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы

Тәрбие жұмысының бағдарламасын жаңарту бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы;
 - 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (М.Медетбекова):
 - 1) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін;
 - 2) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын 2024-2025 оқу жылынан бастап республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізісін;
 - 3) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз етсін.
3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:
 - 1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғарғы оқу орындарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;
 - 2) 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізісін (келісім бойынша).